

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2020 ж. «26» ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ.Маминге**

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Депутаттық сауалға Алматы облысында тұрғындармен кездесуы, «Ел Қамы» телебағдарламасында онлайн режимінде Балқаш көлінің экологиялық проблемасы көтерілді, сондай-ақ «EGEMEN QAZAQSTAN» газетінің 2020 жылғы 23 қаңтардағы №15 (29744) нөміріндегі мақаласы себеп болды.

Аталған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы су ресурстарының жай-күйі, оларды пайдалану тиімділігін арттыру және өзгермелі климат жағдайында сарқылу мен ластанудан қорғау проблемалары жалпы экономикаға ғана емес, сондай-ақ әрқайсымызға да қатысты болып отыр.

Балқаш Арал теңізіне ұқсап, экологиялық апат аймағына айналу үстінде. Соңғы 14 жылда бассейнге зерттеу жүргізілмей келеді. Көлдің деңгейі таулы мұздықтардың жылдам еруі мен трансшекаралық өзендердің, оның ішінде негізгілердің бірі – Іле өзені есебінен қоректенеді.

Шекара маңының жағындағы Іле өзенінің бассейнінде 130-ға жуық гидрокұрылыстар мен 13 су қоймасы салынды. Оның барлығы ұлғайып отырған егістік алқаптарына ғана емес, сондай-ақ салынып жатқан өнеркәсіптік объектілерге де бағытталған. Соның салдарынан Іле өзенінің үсігіне байланысты Балқаш да қатты саяздана бастады. Балқаш көліне құятын өзендерден Іле өзенінің үлесіне шамамен 80% ағыны келеді.

Сарапшылардың пікірінше, Тянь-Шаньдағы мұз ағынының ұлғаюына, Іле өзенінің су алу нормалары тіпті 10%-ға жоғарылауына қарамастан,

Балқашты екі су қоймасына бөлу түріндегі апат орын алып, соның салдарынан шығыс бөлігінің кеуіп кетуі мүмкін. Балқаштың саяздануы көл түбіндегі тұздардың барлық аумаққа, соның ішінде Тянь-Шань мұздықтарына тарауына әкеп соғып, содан кейін олардың еруіне ықпал етеді. Нәтижесінде тау өзендеріне аз су түседі.

Егер Қазақстанның барлық өзен бассейндерінде гидрологиялық қызметтердің білікті кадрлары, гидробекеттер жоқ болса, басқаша қалай болуы мүмкін.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Экологиялық жағдайды жақсарту үшін мынадай шаралар қабылдау қажет деп санаймыз:

- елдер тәуелсіздік қағидаттарына негізделген ұлттық су стратегияларын іске асыратын Орта Азия өңірінің трансшекаралық өзендері бойынша мемлекетаралық келісімдердің орындалуын талдау;

- көлді қорғау жөніндегі маңызды іс-шара су қорғау аймақтары бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылатындықтан, зиянды шығындар мен төгінділерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру жұмыстарын жандандыру;

- су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі мақсатты көрсеткіштерді орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына енгізу.

Жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
депутаттар, «Nur Otan» фракциясының мүшелері**

М.Бопазов

Е.Бектұрғанов

А.Дәуренбаев

О.Өксікбаев

Г.Щегельский